

Түркістан облысы Түркістан қаласының бас жоспары туралы (негізгі ережелерді қоса алғанда)

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № 793 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 353 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.04.2026 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 5) тармақшасына сәйкес және Түркістан облысы Түркістан қаласының кешенді дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Түркістан облыстық және қалалық мәслихаттары мақұлдаған Түркістан облысы Түркістан қаласының бас жоспарының (негізгі ережелерді қоса алғанда) жобасы бекітілсін.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 маусымдағы № 735 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 25 қарашадағы
№ 793 қаулысымен
бекітілген

**Түркістан облысы Түркістан қаласының бас жоспары (негізгі ережелерді қоса алғанда)
) 1. Жалпы ережелер**

Түркістан облысы Түркістан қаласының бас жоспары (негізгі ережелерді қоса алғанда) (бұдан әрі – Бас жоспар) қала құрылысын кешенді жоспарлауды айқындайтын, аймақтарға бөлуді, аумақтың жоспарлы құрылымы мен функционалдық ұйымдастырылуын, көліктік және инженерлік коммуникациялар , көгалдандыру мен абаттандыру жүйесін белгілейтін негізгі қала құрылысы құжаты болып табылады.

Бас жоспар Қазақстан Республикасының Жер, Экологиялық кодекстеріне, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарының және Қазақстан Республикасының қала құрылысын жобалау саласына қатысты басқа да заңнамалық актілері мен нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес әзірленді.

Бас жоспардың схемасы (негізгі сызба) осы Бас жоспарға қосымша сәйкес перспективалық аумақтық даму шекарасында орындалды.

Бас жоспарды әзірлеуге Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 және "Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту жөніндегі бас жоспардың тұжырымдамасын мақұлдау туралы" 2018 жылғы 29 қыркүйектегі № 762 жарлықтары негіз болды.

Бас жоспарда мына жобалық кезеңдер қабылданды:

- 1) бастапқы жыл – 2018 жыл;
- 2) бірінші кезең – 2025 жыл;
- 3) есептік мерзім – 2035 жыл.

2. Бас жоспардың мақсаты

Бас жоспар аумақты әлеуметтік, рекреациялық, өндірістік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымдарды қоса алғанда, табиғи-климаттық, қалыптасқан және болжанып отырған демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып дамытудың ұзақ мерзімді перспективаларын, сәулет-жоспарлау құрылымын қалыптастыруды, аумақты функционалдық қала құрылысы аймақтарына бөлуді, құрылысы салынған және салынбаған аумақтардың арақатынасын, жалпы қалалық мақсаттағы объектілерге қызмет көрсету және орналастыру жүйесін ұйымдастыру жөніндегі қағидаттық шешімдерді, жерді басымдықпен иеліктен айыру және сатып алу аймақтарын, резервтік аумақтарды, кешенді көлік схемасын, көше-жол желісінің бас схемасын және жол қозғалысын ұйымдастырудың кешенді схемасын, аумақты табиғи және техногендік құбылыстар мен процестердің қауіпті (зиянды) әсерінен қорғау, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі шараларды айқындайды.

Бас жоспар:

- 1) Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының бірінші кезектегі және перспективалы бағдарламаларын;
- 2) Түркістан қаласы аумағын түбегейлі жоспарлау және құрылыс салу жобаларын;

3) қоғамдық, іскерлік, мәдени және сауықтыру орталықтарын дамыту жоспарларын;

4) тұрғын, өндірістік және коммуналдық-қойма аумақтарын реконструкциялау және дамыту бағдарламаларын;

5) тарихи құрылыс пен тарихи және мәдени мұра объектілерін сақтау, ұқыпты пайдалану және сабақтастықпен дамыту жоспарларын;

6) рекреациялық аймақтардың аумақтарын дамыту бағдарламаларын;

7) қалалық ортаны кешенді абаттандыру және эстетикалық ұйымдастыру жоспарларын әзірлеуге негіз болып табылады.

3. Түркістан қаласы туралы мәліметтер

Түркістан қаласы – Түркістан облысының әкімшілік орталығы, республикалық маңызы бар Шымкент қаласынан 165 шақырым қашықтықта орналасқан және Қазақстанның ежелгі қалаларының бірі болып табылады. Түркістан қаласы Қазақстанның оңтүстік облыстарын батыс және шығыс өңірлермен байланыстыратын республикалық маңызы бар автомобиль және теміржол магистральдарында орналасқан. Дін мен мәдениеттің тарихи ескерткіштері Түркістан қаласында да, оның маңында да орналасқан.

Қаланың басты мақтанышы – ежелгі Түркістанның қорғалатын аймағымен қаланың тарихи ошағында орналасқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. 2000 жылы ЮНЕСКО шешімімен Түркістан 1500 жылдығын әлемдік деңгейде атап өтті, 2003 жылы Қожа Ахмет Ясауи мұражайы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілді, 2017 жылы Түркі мәдениеті халықаралық ұйымына (ТҮРКСОЙ) мүше елдердің мәдениет министрлері тұрақты кеңесінің 34-ші отырысында Түркістан түркі әлемінің мәдени астанасы болып белгіленді.

Түркістан қаласы Ұлы Жібек жолында пайда болған және шығыс пен батыс арасындағы сауда жолдарында тиімді орналасқан қалалардың бірі болып табылады. Түркістанның қала ретіндегі алғашқы деректері XV ғасырда пайда болған. Түркістан қаласы Жоңғар тауларынан Жетісу мен Сырдария маңындағы дала арқылы Арал теңізіне дейін созылып жатқан ежелгі Қазақстан қалалары алқасындағы ірі інжу-маржаны болып табылады.

4. Табиғи-климаттық және инженерлік-геологиялық аспектілер

"Құрылыс климатологиясы" ҚР ҚЕ 2.04-01-2017 сәйкес, Түркістан қаласының аумағы IV кіші ауданға жатады, жазда ыстық, аптап, ұзақ созылмайтын қыста салыстырмалы түрде ауа райымен, атмосфералық жауын-шашынның тапшылығымен және жел сипатталады. Түркістан қаласының көлденең бетіндегі жалпы күн радиациясының жылдық ағыны күн ашық болғанда орташа 7000 МДж

/ м² тең. Жаз айларында 12-13 сағат бойы күн жарқырап тұрады. Жаз 5 айға созылады (мамыр айының басынан қыркүйек айына дейін). Жазда жоғары температура (25^o С-28^o С) басым, күндізгі уақытта ауа температурасы 30^o С асады. Топырақ 50-55^o С дейін, ал кейбір күндері 70^o С дейін қызады. Қысы қысқа әрі құбылмалы. Суық ауа температурасы желтоқсан - ақпан айларында тіркеледі. Қаңтар айының орташа температурасы – 5,4^o С, орташа максимум – 0,5^o С, орташа минимум – 9,5^o С, абсолюттік минимум – 38^o С тең.

Жыл бойы жел көбінесе шығыс бағыттан соғады, жаз мезгілінде солтүстік-шығыстан және солтүстік - батыстан соғатын жел жиі қайталануы мүмкін, ал қыс мезгілінде шығыстан соғатын жел мен тынық күндері басым.

Қала аумағы арқылы мына өзендер мен каналдар өтеді: Арыс-Түркістан магистральді арнасы (бұдан әрі – АТА) және Қарашық өзені.

Қарашық өзені, уақытша ағын сулар, суару арналары, дренаждық коллекторлар қаралып отырған аумақтағы гидрографиялық желіні құрайды. Қарашық өзенінің ұзындығы 198 шақырымды құрайды, жалпы төмендеуі – 1050 м, орташа еңісі – 0,0084. Арыс – Түркістан суару каналы 1961 жылы салынған, жалпы ұзындығы – 142 км, ең жоғарғы су өткізу қабілеті – 45 м³/сек. Канал қарастырылып отырған бүкіл аумақты оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай кесіп өтеді, Түркістан қаласының солтүстік-шығыс шекарасы арқылы өтеді және өзінің бүкіл ағысының бойында құнды суармалы ауыл шаруашылығы жерлерінің кең ауқымды аймағын қалыптастырады. Каналдың тереңдігі – 3-4 м, ені – 20-25 м. Тарату арналарының дамыған желісі магистральды су ағынынан бастау алады.

5. Әлеуметтік-экономикалық даму

1. Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары

Түркістан қаласының экономикасын дамыту перспективасы өнеркәсіптің мынадай базалық салаларын қамтиды: тамақ өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс индустриясы, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау.

Өнеркәсіп

Тамақ өнеркәсібі Түркістан қаласы экономикасындағы әлеуеті ең жоғары сала болып табылады. Түркістан қаласының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және елдің басқа өңірлеріне азық-түлік өнімдерін жеткізу шартымен бұл сала жалпы өңірлік өнімнің жартысынан астамын қалыптастыра алады. Қаланың екі көлік дәлізінің қиылысында орналасуы өнімді кез келген өңір мен елдерге жіберуге мүмкіндік береді.

Түркістан қаласының жеңіл өнеркәсібін үш бағыт бойынша дамытуға болады: елдің киім-кешек пен арнайы киімге деген ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету, "TURKISTAN" АЭА орналасқан фабрикаларға шикізат пен материалдар жеткізу,

кейіннен оларды экспорттай отырып, мақта мен аң терісін өңдеу. Бұрын қалада ірі тігін-трикотаж фабрикасы жұмыс істеген, оның қайта іске қосуға болады.

Құрылыс индустриясы – бұл сала таяудағы жылдары былайша дамиды: қалада бірнеше жүздеген тұрғын үй кешені мен үйлер, әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық объектілер, сауда кешендері, саябақтар мен гүлзарлар, инженерлік инфрақұрылым мен жолдар салу жоспарлануда. Мұндай құрылыс көлемі жергілікті құрылыс материалдарына сұраныстың бірнеше есе өсуіне алып келеді. Құрылыс индустриясының неғұрлым перспективалы бағыттары: сусымалы құрылыс материалдарының (күм, қиыршық тас, күм-қиыршық тас қоспасы, топырақ) өндірісі, тауарлық бетон, бетон және темір-бетон бұйымдары, кірпіш, көбік және газ бетоны, жылу оқшаулағыш материалдар өндірісі, терезе, есік, жиһаз өндірісі болады.

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау – осы саладағы перспективалы бағыттар мыналар болады: ауыл шаруашылығы техникасы мен арнайы құрылғылар өндірісі, фермаларға, жылыжайларға, көкөніс сақтау орындарына арналған жабдықтар өндірісі, нүктелі суару жүйелерінің, дақылдарды топыраққа отырғызбай өңдеу жүйелерінің, дрондар өндірісі.

Ауыл шаруашылығы

35 елді мекен кіретін Түркістан қаласының қала маңы аумағы дәнді дақылдар, көкөніс және бақша өсіру бойынша облыста жетекші орын алады. Қала маңайы жылыжайлар саны бойынша облыста екінші орынға ие. Мал шаруашылығы да дамыған, онда негізгі бағыттар ірі қара мал мен ұсақ мал және түйе өсіру болып табылады. Түркістан қаласы осы бағыттарда ауыл шаруашылығы кластерінің өзегіне айналуы мүмкін. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің халықаралық стандарттарға сәйкес келуі үшін ауыл шаруашылығын жеке қосалқы шаруашылықтардан шығару, дақылдарды топыраққа отырғызбай өсіру технологияларын одан әрі дамыту, саланы ынталандыру қажет.

Сауда

Тұрғындар мен туристердің болжамды санына байланысты сауда экономиканың неғұрлым перспективалы салаларының бірі болып табылады. Ірі сауда орталықтарымен және супермаркеттермен қатар дәстүрлі базарлар дамуы тиіс. Осыған байланысты Түркістан қаласының базарларын сақтау және жаңғырту жоспарын әзірлеу қажет.

Көлік және логистика

Тауар айналымының көлемі өскендіктен көлік-логистика жүйесі дамитын болады. Жүктерді тасымалдау екі бағыт бойынша жүзеге асырылады: қалаға азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар, шикізат пен материалдарды әкелу және ауыл шаруашылығы өнімдерін, тамақ өнімдерін, тоқыма өнімдерін басқа өңірлерге жөнелту.

Туризм

Қазақстан Үкіметі туристік индустрияны қалыптастыруды экономиканың басым секторларының бірі ретінде айқындаған. Қазіргі уақытта Түркістан қаласы туристік инфрақұрылымның даму деңгейі жағынан қазіргі әлемдік туризм орталықтарынан артта қалып отыр.

Болашақта Түркістан қаласында және Түркістан облысында туристерге тартымды мәдени-танымдық объектілерді дамыту ұсынылады: этно-мәдени кешен, тарихи-мәдени музей және Отырар алқабының археологиялық ескерткіштер саябағын құру. "Зияратшылар ауылы", қонақ үйлер, меймандостық индустриясы, халық кәсіпшілігі мен қол өнер мектебі, тарих-мәдени кешендер салынатын болады.

Тұрғын үй құрылысын дамыту, халықтың білім алуға, денсаулық сақтауға, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуге және инженерлік-көліктік инфрақұрылым объектілеріне қажеттілігін қанағаттандыру халықтың тұрмыс сапасын жақсартудың және Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары болады.

2. Демография және халықты жұмыспен қамту

Түркістан қаласының демографиялық ахуалында бала туу көбейіп, өлім-жітім төмендеуінің тұрақты үрдісі байқалады. Түркістан облысы бала туу және халық санының табиғи өсуі бойынша елде бірінші орында тұр.

Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 21,87 % құрайды, бала туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 27,01 тең, өлім-жітімнің жалпы коэффициенті (5,14) үнемі қысқаруда. Әкімшілік орталығының Түркістан қаласына көшірілуіне байланысты қазіргі уақытта көші-қон ағыны азайып келеді.

Түркістан қаласы бойынша халықтың экономикалық белсенділігі 2018 жылғы 52 %-дан 2035 жылға қарай 60,72 % дейін өсуі болжануда. Жұмыспен қамтылғандар саны қала үшін мүлдем жаңа бағыттарда өседі: ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, баламалы энергетика, экологиялық таза азық-түлік өнімдерін өндіру, іскерлік қызмет көрсету саласы және т.б.

Түркістан қаласының халқы санының болжамы БҰҰ-ның халықаралық стандартына сәйкес демографиялық болжау әдісімен орындалды. Осылайша, халықтың болжамды саны:

- 1) бастапқы жылға халық саны – 165 мың адам;
- 2) 1-ші кезектегі халық саны – 250 мың адам;
- 3) есептік мерзімдегі халық саны – 350 мың адам;
- 4) болжамды кезеңге халық саны – 500 мың адамды құрайды.

3. Тұрғын үй-азаматтық құрылыс

Мемлекеттің тиімді тұрғын үй саясаты – адами капиталды қалыптастыру және дамыту жүйесінің түйінді элементі. Халықтың қалың жігі үшін қолжетімді

тұрғын үй салудың орнықты тұрақты қарқынын қамтамасыз ету қала құрылысындағы негізгі бағыт болып табылады.

Түркістан қаласы экономикасының дамуы және халықтың басым бөлігінің өз тұрғын үй жағдайларын жақсартуға ұмтылуы негізімен жеке тұрғын үй құрылысы көлемінің өсуіне себеп болды.

2019 жылғы 1 қаңтардағы ахуал бойынша Түркістан қаласындағы тұрғын үй қорының жалпы ауданы 3253,4 мың м² құрады. Қолданыстағы тұрғын үй қоры қожалық түріндегі жайлы жер үйлерден тұрады, олардың үлесіне барлық қолда бар қордың 91,2 % келеді. Түркістан қаласында мемлекеттік тұрғын үйдің жалпы алаңымен қамтамасыз етілу бір адамға 19,7 м² құрады.

Бас жоспарда Түркістан қаласының барлық аумағы 6 тұрғын ауданға бөлінген. Жаңа тұрғын үйлер жалпы қалалық және аудандық магистральды көшелердің бойында, сондай-ақ Түркістан қаласының солтүстік-шығыс бағытында, "Түркістан-Кентау" трассасының шығысында орналасқан.

Бас жоспарда 3-тен 7 - қабатқа дейін және одан биік тығыздығы жоғары орта қабатты тұрғын үй құрылысын салу ұсынылады. Түркістан қаласының негізгі құрылысы аз қабатты болып қала береді. Бас жоспарда болжамды әлеуметтік-кепілдік берілген тұрғын үй минимумы бастапқы кезек кезеңінде жалпы ауданның 24 м² мөлшерінде қабылданған, есептік мерзімнің соңына қарай бір адамға жалпы ауданның 28,0 м² шамасында жоспарланады. Болжамды мерзімге тұрғын үй қорымен қамтамасыз етілу бір адамға шаққанда жалпы ауданы 30 м² жетеді.

Бас жоспарда қазіргі құрылысты барынша сақтау ұсынылады. 2019 – 2035 жылдар кезеңінде желілер, жолдар салу, жалпы қалалық магистральдар бойында кеңейту және құрылыс салу үшін жалпы ауданы 480,3 мың м² мөлшерінде ескі құрылыстарды бұзу жоспарланып отыр.

Барлық жобалау кезеңінде жалпы ауданы 7026,9 мың м², оның ішінде бірінші кезекте жалпы ауданы 3017,2 мың м² тұрғын үй қорын салу қажет. Есептік мерзімге тұрғын үй қоры жалпы ауданның 9800,0 мың м² дейін ұлғайтылады.

Шығыс бағытта жаңа әкімшілік-іскерлік орталық салу қарастырылған. Қаланың осы бөлігіндегі қабаттылық 4-тен 7-қабатқа дейін болады және кейбір жерлерде 18-ден 22-қабатқа дейін жетеді. Осы аумақта облыстық қызметтер, бизнес-орталықтар, жеке компаниялар, кеңселер, банктер және т.б. арналған әкімшілік ғимараттар кешенін орналастыру көзделеді.

4. Қызмет көрсету саласы

Түркістан қаласында әлеуметтік сала жеткілікті дамымаған, салыстырмалы түрде мектепке дейінгі мекемелермен, спорт залдарымен, бассейндермен, мәдениет үйлерімен, клубтармен және кинотеатрлармен қамтамасыз етілудің төмен деңгейі байқалады.

Мектепке дейінгі бала тәрбиесі объектілері

Қазіргі уақытта Түркістан қаласында 19 мемлекеттік және 49 мемлекеттік емес мектепке дейінгі мекемелер жұмыс істейді, оған 9 548 бала барады.

Мектепке дейінгі, мектеп және медициналық мекемелер желісі қала құрылысы нормаларына сәйкес және перспективалы демографияны ескере отырып есептелген.

1) 2025 жылға: 5,7 мың орындық мектепке дейінгі мекемелер, оның ішінде 2,7 мың орындық 12 мектепке дейінгі мекеме және жаңа тұрғын үй кешендерінің коммуналдық үй-жайларында салынған 3 мың орындық 32 балабақша;

2) 2035 жылға: 15,74 мың орындық 53 мектепке дейінгі мекеме салу жоспарлануда.

Білім беру объектілері

Қазіргі уақытта қалада жалпы контингенті 38,9 мың оқушыны құрайтын 33 жалпы білім беретін мектеп, 2 бастауыш білім беру мектебі және 3 мектеп-интернат бар.

Бас жоспар бойынша:

1) 2025 жылға: 15 мектеп (оның ішінде "Дарын" және "Назарбаев Зияткерлік мектебі"), мектептерге 900 орындық 3 қосымша құрылыс, барлығы 17,2 мың оқушы қамтылады;

2) 2035 жылға: барлығы 40,1 мың оқушыға 28 мектеп; 10 қосымша құрылыс салу жоспарлауда.

Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 11 орта арнайы оқу орны: 3 мемлекеттік колледж және 8 мемлекеттік емес техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері жұмыс істейді.

Бас жоспарда бірінші кезекте 300 студентке арналған туристік бағыттағы колледж салу, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті аумағында 1000 орындық колледждің оқу корпусын салу ұсынылады. Есептік кезеңге әкімшілік-іскерлік орталық ауданында 3000 студентке туристік бағыттағы университет салу ұсынылады.

Денсаулық сақтау объектілері

Денсаулық сақтау объектілері мемлекеттік және жеке мекемелер болып табылады. Бастапқы жылға қалада 17, оның ішінде 12 мемлекеттік, 5 жеке меншік объект, сондай-ақ жедел жәрдем станциясы жұмыс істейді.

Жұмыс істеп тұрған мекемелердің жалпы сыйымдылығы бір ауысымда 2600 адамды құрайды, бірақ олар 3 000-нан астам адамға қызмет көрсетеді.

Бас жоспардың 1-ші кезеңде 10 денсаулық сақтау объектісін салу ұсынылады: бір ауысымда 500 адам қабылдайтын қалалық емхана, қалалық балалар ауруханасының 190 төсектік емдеу корпусы, 600 төсектік психикалық денсаулық орталығы, симуляциялық орталық, бір ауысымда 300 адам қабылдайтын

облыстық стоматологиялық емхана, сондай-ақ бір ауысымда 100 адам қабылдайтын емхана, 610 төсектік көп бейінді облыстық медициналық орталық, қан орталығы, 10 автокөліке арналған облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы.

Есептік мерзімде бір ауысымда 3600 адамды қабылдайтын 9 амбулаториялық-емханалық кешен салынады.

Әлеуметтік сала объектілері (балабақшалар, мектептер, емханалар) қажетті қызмет көрсету радиусын ескере отырып орналасқан.

Бас жоспарда халықтың қызмет көрсету саласындағы объектілермен қамтамасыз етілуін перспективада нормативтік көрсеткіштерге дейін жеткізу ұсынылады.

Қызмет көрсету мекемелері құрылысының көлемі

1-кесте

| № | Атауы | Өлшем бірлігі | Бастапқы жылда болуы | Жаңа құрылыс | |
|----------------|-------------------------------------|----------------------------|----------------------|--------------|--------|
| 2025 жыл кезең | 1-2025 жыл есептік мерзім | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Мектепке дейінгі балалар мекемелері | орын | 10033 | 15700 | 31500 |
| 2. | Жалпы білім беретін мектептер | оқушылар | 25220 | 42420 | 82770 |
| 3. | Емханалар | ауысымда келуі | 2600 | 3500 | 7100 |
| 4. | Барлық типтегі стационарлар | төсектер | 750 | 2170 | 4200 |
| 5. | Мәдениет мекемелері | орын | 1020 | 7520 | 15250 |
| 6. | Сауда кәсіпорындары | м ² сауда алаңы | 40126 | 74916 | 103526 |
| 7. | Қоғамдық тамақтандыру мекемелері | орын | 7150 | 11570 | 15630 |
| 8. | Қонақүйлер | орын | 1465 | 2489 | 3369 |
| 9. | Өрт сөндіру депосы | машина/бекет | 4/1 | 16/4 | 24/6 |
| 10. | Дене шынықтыру-спорт құрылыстары | гектар | 10,8 | 74,1 | 245,1 |

5. Экономикалық қызмет

Қазіргі уақытта Түркістан қаласының экономикасын еңбек күші артық деп сипаттауға болады, алайда жоғары білікті мамандарға деген қажеттілік байқалады. Түркістан қаласы бойынша экономикалық белсенді халықтың 2018

жылғы 55 %-дан 2035 жылға қарай 58 %-ға дейін өсуі болжануда. Абсолюттік мәнде экономикалық белсенді халық саны 53 мың адамнан 133 мың адамға дейін өседі. Түркістан қаласы халқының басым бөлігі өзін-өзі жұмыспен қамтыған – 24 мың адам.

Түркістан қаласының тартымды бейнесін жасау үшін халықты толық нәтижелі жұмыспен қамту үшін жағдай жасау қажет. Өңіраралық ұстанымды, табиғи-ресурстық жағдайларды, ағымдағы мамандандыруды ескере отырып, 3 стратегиялық бағыт анықталды:

1) Түркістан қаласы экономикасының мамандану салаларын қалпына келтіру және дамыту;

2) ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және ауыл шаруашылығының қарқынын арттыру;

3) "Smart city" технологиясы негізінде қаланың "жасыл" ЭКО-секторын қалыптастыру.

1-стратегиялық бағыт

Туристік-рекреациялық секторды жедел дамыту

Келесі салаларды дамыту көзделеді: туристік-рекреациялық сектор, тоқыма кластері, құрылыс материалдарының өндірісі, азық-түлікпен қамтамасыз ету, логистиканы дамыту, "Жібек жолы" форматын мультимодальды көлік-логистика орталығын іске қосу, "Қарапайым заттар экономикасы" форматын дамыту.

Туристік-рекреациялық секторды дамыту үшін Түркістан қаласы қазіргі заманғы қызмет көрсету объектілерімен қамтамасыз етілуі тиіс. Қазіргі уақытта Түркістан қаласының орналасу орындарының бір жолғы сыйымдылығы 702 төсек-орынды құрайды.

Туристер санының өсуін ескере отырып, Түркістан қаласында 2025 жылға қарай 1500 орындық нөмір қорын және 2035 жылға қарай 800 жергілікті нөмір қорын салу көзделеді. 2025 жылға дейін 8 қонақ үй (5 жұлдызды - 1, 4 жұлдызды - 1, 3 жұлдызды - 3 және эконом-класс - 3). 2035 жылға қарай 15 қонақ үй (5 жұлдызды - 1, 4 жұлдызды - 2, 3 жұлдызды - 6 және эконом-класс - 6) салынатын болады.

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында күнделікті сұранысты қанағаттандыру үшін 2025 жылға қарай 4500 орындық, 2035 жылға қарай 4060 орындық қоғамдық тамақтандыру объектілерін салу талап етіледі. Туристерді тарту үшін 2020 жылдың қазан айынан бастап "Fly Aristan" бюджеттік әуе қатынасы іске қосылды.

Тоқыма кластерін қалыптастыру

Түркістан қаласында жеңіл өнеркәсіпті дамыту үшін қолайлы факторлар бар: әлеуетті мақта өндірушілердің жақын болуы, "TURKISTAN" АЭА қолданыстағы

өндірістерімен интеграция және кооперация мүмкіндігі, ірі және сұранысқа ие брендтермен келісімшарттық өндірісті мемлекеттік қолдау және дамыту.

Азық-түлікпен қамтамасыз ету

Түркістан қаласының азық-түлік тауарларына деген ішкі қажеттілігін айқындау тұтыну нормалары мен қалада бар өндірістік қуатты ескере отырып, халықтың перспективалы санының негізінде орындалды. Перспективалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін жаңа кәсіпорындар ашу болжанып отыр. 2025 жылға қарай 189 кәсіпорын, 2035 жылға қарай тағы 176 кәсіпорын ашылады.

Құрылыс материалдары саласын дамыту

Құрылыс материалдары саласын дамыту тұрғын үй құрылысын, өнеркәсіптік мақсаттағы объектілер құрылысын және т.б. қамтамасыз ететін экономиканың негізгі салаларының бірі болып қала береді. Бас жоспарда темір бетон өнімдерін және тауарлық бетон, металл құрылымдары, кірпіш, полимерлік құрылыс материалдары және т.б. өндіру бойынша өндірістік қуаттар салу көзделіп отыр. 2035 жылға қарай әртүрлі құрылыс материалдарын шығаратын 89 жаңа кәсіпорын ашылатын болады.

"Жібек жолы" форматын дамыту – мультимодальды көлік-логистика орталығын қосу.

"Жібек жолы" форматын іске асыру – мультимодальды көлік-логистика орталығын іске қосу мақсатында Бас жоспарда бөлшек сауда көлемінің өсу қарқынын анықтады, олар құрылыстың 1-кезеңінде – 48,9 млрд теңгені, есептік мерзімге – 147,8 млрд теңгені құрайды.

Түркістан қаласы мен Түркістан облысы халықаралық саудаға белсене қатысады. Сауда балансының оң сальдосы өңір экономикасындағы бірқатар салалардың бәсекеге қабілеттілігі жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Бұл отын-энергетикалық тауарлар мен химия өнеркәсібі өнімдерін өндіруге байланысты салалар болып табылады. Ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібінің экспорттық әлеуеті зор.

Түркістан қаласының көлік-логистика жүйесін дамытудың алғышарттары: "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" автокөлік дәлізі, теміржол көлігі, транзиттік әлеуетті арттыру, "Шымкент – Түркістан – Кентау – Қызылорда" осін дамыту болып табылады. Болжамды кезеңде мультимодальды көлік-логистика орталығын, "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" дәлізінің бойында жол жиегіндегі сервисті, А және Б класты қоймалар құру ұсынылады.

"Қарапайым заттар экономикасының" дамуын ынталандыру

"Қарапайым заттар экономикасының" дамуын ынталандыру бөлігінде түпкілікті импорт алмастырушы өнім өндіруге, қолөнерді дамыту үшін дайын өндірістік және инженерлік инфрақұрылымы бар индустриялық парк салуға бағытталған бағдарлама әзірлеу көзделген.

"Қарапайым заттар экономикасы" бағдарламасының шеңберінде 2035 жылға қарай қолөнер, тұрмыстық салада және қызмет көрсету саласында ұлттық және көркем кәсіпшілік бойынша 100 шағын жобаны іске асыру болжануда.

2-стратегиялық бағыт

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту және ауыл шаруашылығының қарқынын арттыру көзделіп отыр. Ауыл шаруашылығын техникалық жабдықтаудың төмен деңгейі агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың проблемасы болып табылады. Сондықтан алғашқы кезеңде: ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарының өндірісі, инновациялық өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы жүйелерінің өндірісі дамитын болады.

Осы бағыт шеңберінде мынадай өндірістерді дамыту жоспарланып отыр:

- 1) ауыл шаруашылығы машиналарының өндірісі;
- 2) инновациялық өсімдік шаруашылығы жүйелерінің өндірісі;
- 3) инновациялық мал шаруашылығы жүйелерінің өндірісі.

Өңірде ауыл шаруашылығымен айналысуға жарамды жерлердің шектеулі болуы, сондай-ақ су ресурстарының тапшылығы инновациялық технологияларды қолдануды қажет етеді. Осыған байланысты Бас жоспарда Түркістан қаласында ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту ұсынылады. Дамудың бастапқы кезеңдерінде шағын тракторлар мен оларға аспалы жабдықтар өндірісін жолға қоюға мүмкіндік беретін шағын ауыл шаруашылығы техникасын өндіру жөніндегі жобаларды іске асыру ұсынылады. Келесі кезеңдерде ірі тракторлар мен өздігінен жүретін басқа да техниканың өндірісін жолға қоюға болады. Есептік мерзімнің соңына қарай 23 кәсіпорын ашылады.

3-стратегиялық бағыт

"Жасыл қаланы" дамыту стратегиясы экологиялық, институционалдық, материалдық және қаржы ресурстарын тиімді пайдалануға негізделеді. "Жасыл" қала – ЭКО-орталықты қалыптастыру мақсатында Бас жоспарда қалалық қалдықтарды залалсыздандыру бойынша шешімдер беріледі. Осы мақсатта экологиялық қауіпсіз және қалдығы аз технологияларды енгізу, сондай-ақ қалаларды жасыл көшеттермен қамтамасыз ету ұсынылады.

"Экологиялық көлік" бағытын дамыту мақсатында көлік құралдарын пайдалану және қызмет көрсету процесінде табиғатты қорғау талаптарын сақтау бойынша ұсынымдар берілді.

Осы бағыт шеңберінде экологиялық, институционалдық, материалдық және қаржы ресурстарын тиімді пайдалану ұсынылады. Бұл ретте күн электр станцияларын, қоқыс өңдеу зауытын, Поливинилхлорид (ПВХ) түйіршіктер өндіру цехын, тұрмыстық техниканы, медициналық қалдықтарды кәдеге жарату кәсіпорындарын, макулатураны қайта өңдеу және биогаз өндірісін салу ұсынылады.

Авто - көлік құралдарын пайдалану кезінде табиғат қорғау талаптарын қамтамасыз ету үшін жасыл аумақтармен және туризм объектілерімен байланысты көлік-жаяу жүргінші қаңқасын ұйымдастыру, автокөлікке сервистік қызмет көрсету орталықтарын ашу жоспарлануда.

6. Қала құрылысының дамуы

1. Аумақтағы сәулеттік - жоспарлауды ұйымдастыру

Аумақты заманауи жоспарлы ұйымдастыру

Түркістан қаласы барлық бағыттар бойынша бір қабатты үй-жай құрылыстары бар тұрғын үйден түзілген, қоныстану аумағы бойынша айтарлықтай ірі қоныс.

Түркістан қаласының негізгі жоспарлау қаңқасы оны шығысында Шымкент мегаполисімен, батысында Қызылорда қаласымен және өңірдің басқа да қоныстарымен байланыстыратын басты автокөлік магистральдары болып табылады. Сондай-ақ қаланың жоспарлау құрылымында қала аумағы арқылы өтетін теміржол және жасанды су құрылысы – Арыс-Түркістан арнасы маңызды орын алады.

Түркістан қаласының тарихи және игерілген бөлігі "Түркістан - Кентау", "Қызылорда - Шымкент" темір жолының бойында және "Самара - Шымкент" автомобиль жолының бойында орналасқан.

Тарихи-әкімшілік орталық Түркістан қаласының жоспарлы құрылымындағы басты элемент болып табылады. Қаланың тарихи бөлігінің негізі Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, оның күзет аймағы және оған іргелес қоғамдық-әкімшілік орталығы болып табылады.

Оңтүстік-шығыс бағытта Тәуке хан даңғылының және Б.Саттарханов даңғылының бойымен қаланың жаңа бөлігін қалыптастыру басталды. Бұл ең алдымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне байланысты. Түркістан қаласын дамытудың осы бағыты халықаралық маңызы бар ғылыми-білім беру орталығы ретінде оның мәртебесін кеңейтуді білдіреді.

Тұрғын үй массивтерінің жоспарлы құрылымы көше-жол желісінің саралануы нашар бір қабатты тұрғын үйлер салатын тұрақты сипаттағы тік бұрышты орамдар жүйесін білдіреді. Тұрғын үй құрылысына арналған бос аумақтарды игеру оңтүстік-батыс және оңтүстік бағыттарда басталды.

Қазіргі уақытта барлық бағыттар бойынша бос аумақтарда құрылыс басталды, оларды игеру біркелкі емес, кезексіз жүргізіледі. Іргелес аумақтарды қарқынды игеру нәтижесінде қала Ортақ, Иасы, Ыждыхад, Бірлік елді мекендерімен қосылады. Сонымен қатар, қаланың тартымдылығына байланысты сыртқы халықтың ағыны да қаланың аумақтық дамуына ықпал етті.

Түркістан қаласының ғасырлар бойы қалыптасқан жоспарлы құрылымы, ішіндегі көлік қозғалысы мен инженерлік коммуникациялар желісі, тарихи маңызы бар объектілер мен аймақтар оның сақталуға және сабақтас дамытылуға тиіс негізгі қала құрылысы құрамдастары мен тарихи құндылығы болып табылады.

Түркістан қаласының негізгі орталығы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен ежелгі қала орналасқан аудан болып табылады. Аумақтың бұл бөлігі Түркістан қаласының қазіргі заманғы жоспарлау құрылымындағы басымдық берілген элемент болып табылады, қаланың барлық көлік магистральдары сол жерде тоғысады.

Жобалық шешімдер

Түркістан қаласының Бас жоспарының жобалық шешімдерінің негізі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 9 қыркүйектегі №762 Жарлығымен бекітілген Түркістан қаласын Түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту жөніндегі бас жоспардың тұжырымдамасы болып табылады:

- 1) экологиялық (жасыл) қала (Green City);
- 2) эстетикалық тартымды қала;
- 3) ақылды қала (Smart City);
- 4) қауіпсіз қала;
- 5) тұрақты (өмірлік) қала (Resilience City);
- 6) жаһандық (әлемдік) қала (Global City).

Түркістан қаласының аумағын перспективалық сәулеттік - жоспарлауды ұйымдастыру қалыптасқан функционалдық-жоспарлау құрылымын, аумақтың кешенді қала құрылысын бағалауды, қалыптасқан көлік-жоспарлау қаңқасы мен табиғи-климаттық жағдайды ескере отырып орындалған. Түркістан қаласының сәулеттік келбетін қалыптастыру бойынша ұсыныстар қалыптасқан және ұсынылатын қала құрылысы тораптары, сондай-ақ қазіргі заманғы сәулет үрдістері негізінде әзірленген.

Сәулеттік-жоспарлау құрылымы тарихи сабақтастық, радиалды-айналмалы жоспарлауды жетілдіру және қоныстандырудың өңірлік, ұлттық және мемлекетаралық жүйелерінің барлық бағыттарында қалалық және сыртқы жоспарлау қаңқаларын өзара байланысты дамыту негізінде орындалған. Қала аумағын дамытудың жалпы ауданы есептік мерзімге 22 370 гектарды құрайды, халық саны 350 мың адам, болжамды кезеңге (2050 ж.) халық 500,0 мың адамға жетеді.

Түркістан қаласын дамыту әуежай аумағын қала шекарасына енгізе отырып, шығыс бағытта қалыптасқан құрылыстың айналасында біркелкі көзделген.

Жоспарлау құрылымының негізгі элементі – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Қоғамдық-іскерлік аймақты қалыптастыратын тарихи-әкімшілік орталық жоспарлау құрылымындағы негізгі композициялық элемент болып табылады, мұнда қаланың басты композициялық осьтері болып табылатын барлық көлік магистральдары жинақталады. Орталық ядроның айналасында бұқаралық қысқа мерзімді және ұзақ демалатын мекемелер мен объектілер, туристер мен зиярат етушілер баратын объектілер: қонақүйлер, мотельдер, дәмханалар, мейрамханалар, базарлар, әкімшілік мекемелер, сондай-ақ ашық автотұрақтар орналасқан.

Болашақта Түркістан қаласын негізгі аумақтық игеру қаланың шығыс бөлігіндегі құрылыстан бос аумақтарда белгіленеді.

Тұрғын аудандары жалпы қалалық және аудан орталықтарымен, теміржол вокзалымен және екі автовокзалмен, саябақтармен және өнеркәсіптік аудандармен магистральды көшелер арқылы байланысқан. Бас жоспарда халықтың әлеуметтік қорғалатын топтары үшін тұрғын үй қорын салу көзделеді. Бұл қымбат емес технологияларды қолдана отырып салынған, Қазақстан Республикасының заңдарымен кепілдік берілген тұрғын үймен қамтамасыз ету деңгейіне бағдарланған пәтерлері бар орта қабатты көп пәтерлі тұрғын үйлер болады.

Жаңадан салынып жатқан аумақтарда сәулеттік-жоспарлау композициясының үй-жайларынан шығыс бағытта "Түркістан - Шымкент" магистралінің бойымен жаңа әкімшілік-іскерлік орталық қалыптастыру көзделіп отыр. Түркістан қаласының осы бөлігіндегі ғимараттардың қабаттылығы 4-тен 7 - қабатқа дейін және 18 - 22 қабатқа дейін әр қилы болады. Орталық аймағында жаңа, іс-шаралар, сауда, мәдени-білім беру, спорт, демалыс және басқа да кешендер салу жоспарлануда. Түркістан қаласы бойынша жаңа әкімшілік-іскерлік орталықтан басқа әкімшілік-шаруашылық, мәдени және сауда орталықтары орналасатын болады.

Түркістан қаласының айтарлықтай өсуі "полиорталық" жүйесін қамтамасыз ете отырып, магистральға кіретін аумақтардың дамуымен қатар жүреді. Полиорталықты қаланы қалыптастыру қаланың жоспарланған алты ауданының әрқайсысында және әрбір қоғамдық орталықта жайлы тұрғын үй жағдайларын, жұмыс істеу, білім алу және демалу үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді:

- I. Орталық жоспарлы аудан – 1 426 гектар;
- II. Солтүстік жоспарлы аудан – 3 703 гектар;
- III. Шығыс жоспарлы аудан – 5 233 гектар;
- IV. Оңтүстік жоспарлы аудан – 4 100 гектар;
- V. Солтүстік-батыс жоспарлы аудан – 4 400 гектар;
- VI. Оңтүстік-батыс жоспарлы аудан – 3 508 гектар.

Түркістан қаласының құрылысын салу кезінде қала орталығында орналасқан өнеркәсіптік аймақтардың болуы ең маңызды болып саналады. Ұсынылған өнеркәсіптік аумақтарды қайта жаңарту неғұрлым қолайлы қала ортасын құруға, әлеуметтік инфрақұрылымды және ыңғайлы қоғамдық кеңістікті дамытуға мүмкіндік береді. Қолданыстағы өндірістік аумақтар Түркістан қаласының батыс бөлігіндегі жобаланып отырған өнеркәсіптік аймақта ауданы жағынан ұқсас аумақты ұсына отырып, функционалдық мақсатын тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерге өзгертеді.

2. Қала құрылысын аймақтарға бөлу

Аумақты функционалдық аймақтарға бөлу өнеркәсіптік, қоныстану және рекреациялық аумақтардың қалыптасқан орналасуын көздейді. Ғасырлар бойы қалыптасқан Түркістан қаласының жоспарлы құрылымы, қала ішіндегі көлік қозғалысы мен инженерлік коммуникациялар желісі, тарихи маңызы бар объектілер мен аймақтар да, сақталуға және сабақтас дамытылуға тиіс негізгі қала құрылысы құрамдастары әрі тарихи құндылығы болып табылады.

Түркістан қаласының аумағы инженерлік-геологиялық жағдайлар мен желдердің соғысын ескере отырып, аумақты шаруашылық игеру нәтижесінде тарихи қалыптасқан функционалдық аймақтарға нақты бөлінген. Түркістан қаласының аумағы алты негізгі функционалдық аймаққа бөлінді:

- 1) қоныстану (тұрғын, қоғамдық-іскерлік аймақтарымен:);
- 2) қорғау аймақтары бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің аймағы;
- 3) өнеркәсіптік-коммуналдық аймақ;
- 4) рекреациялық аймақ;
- 5) сыртқы көлік аймағы;
- 6) арнайы мақсаттағы аймақ.

Қала аумағын қала құрылысы аймақтарына бөлу қала аумақтарын өзара байланысты ретке келтіре отырып, толыққанды қолайлы өмір сүру ортасын құруға бағытталған.

3. Тарих және мәдениет ескерткіштері

Түркістан қаласының тарихи-мәдени мұрасы тарих, мәдениет, сәулет және археология ескерткіштерімен ұсынылған. Түркістан қаласының аумағында барлығы республикалық маңызы бар 15 ескерткіш орналасқан (ҚР Үкіметінің 21.03.2008 ж. № 279 қаулысы), оның ішінде дүниежүзілік маңызы бар 1 объектісі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО тізіміне енгізілді (Дүниежүзілік Мұра комитетінің 03.07.2003 ж. 35 № 27 СОМ 8 С. шешімі) және 1-еуі теміржол станциясын салу кешені болып табылады, ол 20 ғимарат пен құрылысты құрайды. Төменде республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімі келтірілген.

| Р/с № | Атауы | Мерзімі | Ескерткіш түрі | Орналасқан жері | Мемлекеттің қорғауына алу туралы құжат |
|-------|-------------------------------------|-----------------------------------|----------------|---|---|
| 1. | Қожа Ахмет Яссауи кесенесі | 14-ғасырдың соңы | сәулет | қаланың оңтүстік-шығыс бөлігі, ортағасырлық Түркістан қалашығының аумағында | ЮНЕСКО (сәйкестендіру № 1103), Дүниежүзілік Мұра комитетінің 03.07.2003 ж. № 27 СОМ 8 С.35 шешімі |
| 2. | Күлтөбе қалашығы | б.з.б. 1-ғ.- б.з. 1-ғ. - 14-ғасыр | | Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 300 метр | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы |
| 3. | Түркістан қалашығы (Ескі Түркістан) | 14 - 19-ғғ. | археология | қазіргі қаланың оңтүстік-шығыс бөлігінде | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы |
| 4. | Үлкен қылуат | 12-ғ., 15 - 16-ғғ. 18 - 19- ғғ. | сәулет | Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 150 метр, Түркістан қорымы аумағында | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы |
| 5 | Әулие Құмшық ата қылуәті | 12-ғ. | сәулет | Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 1 км | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы |
| 6 | Шілдехана (Чилляхан) | 14 - 15- ғғ. | сәулет | Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен солтүстік-батысқа қарай 22 м, Түркістан қорымы аумағында | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы |
| | | | | | |

| | | | | | |
|----|-----------------------------|--------------|--------|--|--|
| 7 | Сегіз қырлы кесене | 14 - 16- ғғ. | сәулет | Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің шығыс минаретінен оңтүстікке қарай 40 метр | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы |
| 8 | Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі | 15- ғ. | сәулет | Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстік-шығысына қарай 60 м, ортағасырлық Түркістан қорымы аумағында | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы |
| 9 | Атаусыз кесене (табыт) | 16-ғ. | сәулет | Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстік-батысқа қарай 45 метр, Түркістан қорымы аумағында. | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы |
| 10 | Қамал бекінісінің қабырғасы | 16 - 19-ғғ. | сәулет | Түркістан қалашығы қамалының шығыс бөлігі | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы |
| 11 | Шығыс моншасы | 16 - 18-ғғ. | сәулет | Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстік-батысқа қарай 150 метр | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы |
| 12 | Есім хан кесенесі | 17-ғ. | сәулет | Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің батыс минаретінен оңтүстікке қарай 12 метр, ортағасырлық Түркістан қорымы аумағында | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы. |
| | | | | | |

| | | | | | |
|----|--|-----------------|--------|---|---|
| 13 | Қамал қақпасы | 18 - 19-ғғ. | сәулет | Түркістан қалашығы қамалының шығыс жағы | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы |
| 14 | Жұма мешіті | 19-ғ. | сәулет | Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 150 метр, үлкен қылуеттің жанында | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы |
| 15 | Түркістан темір жол станциясының кешені: вокзал, депо, тұрғын үйлер, мұздықтар | 1903 - 1905-жж. | сәулет | Түркістан т/ж ст., қаланың оңтүстік-батыс бөлігі | Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 88 бұйрығы |

Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 188 қаулысымен бекітілген жергілікті маңызы бар ескерткіштер тізіміне 14 объект кіреді, оның ішінде Түркістан қаласының аумағында 6 объект орналасқан: дәріхана, әкімшілік ғимарат, бұрынғы гарнизондық штаб ғимараты (Түркістан қаласының қазынашылық басқармасы), казарма (қазіргі мұражай), Николаев-әскери шіркеуі (қазіргі балалар спорт мектебі), Бала би кесенесі. 8 ескерткіш Кентау қаласына қарастырылды.

Соңғы жылдары қаланың мәдени мұра объектілеріне зерттеу жүргізілді, нәтижесінде Әл-қожа ата кесенесі, Гаухар ана кесенесі, Елутөбе қорымы (бұрынғы қалалық қалашығы), Таснақ қонысы кіретін жергілікті маңызы бар ескерткіштердің алдын ала тізімі жасалды.

Түркістан қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысының өзгеруіне байланысты жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне өзгерістер енгізіледі.

Түркістан қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерінің аумақтары және олардың қорғау аймақтары

Қазіргі Түркістан қаласының құнды тарихи құрылысы негізгі екі аймақта орналасқан ескерткіштердің топтарынан қалыптасқан: қаланың шығыс бөлігіндегі орта ғасырлық Ескі Түркістан (6 – 19-ғ.ғ.) және оңтүстік-батыс бөлігіндегі "жаңа" қала (19-ғасырдың соңы – 20-ғасырдың басы), вокзал маңы ауданы - Түркістан станциясы (1902 – 1906-жж.).

Кейінгі орта ғасырлық Түркістан қаласының аумағы (Ескі Түркістан)

Археологиялық объектілерге Күлтөбе (1 - 14-ғғ.) – ерте Ясы және Ескі Түркістан қалашығы (14-ғ. – 20-ғ. басы) кіреді. Ескі Түркістан қалашығының солтүстік-батыс бөлігінде 17 – 18-ғғ. қалпына келтірілген хан ордасы (Хан ордасы) орналасқан.

Рабия Сұлтан Бегім кесенесі (15-ғ.), Есім хан кесенесі (17-ғ.), Сегіз қырлы кесене (14 -16-ғ.), Атаусыз кесене (16-ғ.), Шілдехана (шилляхан) (15-ғ.), Жұма мешіті (19-ғ.), шығыс моншасы (16 – 18-ғ.). Ескі Түркістан аумағындағы казарма ғимараты (19-ғ. соңы) сияқты сәулет ескерткіштері Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жақын, ортағасырлық Түркістанның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан.

Ескерткіштердің аумағымен бірге Түркістан ортағасырлық дәуірінің күзет аймағының жалпы ауданы – 88,7 гектар.

Әулие Құмшық ата қылуы Қожа Ахмет Ясауи ханакасынан оңтүстікке қарай 1 км қашықтықта орналасқан республикалық маңызы бар ескерткіш. Ескерткіш аумағы күзет аймағымен қоса алғанда - 0,28 гектар.

19-ғасырдың соңы мен 20-ғасырдың басындағы қала құрылысының аумағы тарихи орталықта, орта ғасырлық қаланың солтүстік-шығыс жағында орналасқан. Бұл аумақта әкімшілік ғимарат (19-ғ. соңы), дәріхана, қонақүй, тұрғын үй, Қарабаев үйі, казарма, шіркеу, штаб ғимараты сияқты сәулет ескерткіштері сақталған. Осы ескерткіштер аумағының ауданы күзет аймағымен бірге - 20 гектар.

Түркістан теміржол станциясының құрылыс кешені республикалық маңызы бар ескерткіш. Вокзал маңы ауданында орналасқан. Кешен құрамына: теміржол вокзалы (1903 ж.), шеберханалары бар Паровозный депосы (1904 ж.), су айдайтын мұнара (1904 ж.), теміржол ауруханасы (1905 ж.), паровоз бригадаларының демалыс үйі (1904 ж.), тұрғын үйлер (1904 - 05-жж.), станция бастығының тұрғын үйі (1903 ж.), азық-түлік пункті (1903 ж.), мектеп (1904 ж.) кіреді. Түркістан теміржол станциясының құрылыс кешені аумағының ауданы күзет аймағымен бірге – 47,9 гектар.

Қала аумағындағы жеке тұрған ескерткіштер:

1) Бала би кесенесі (20-ғасырдың басы) Алшын көшесі және Тұтқабаев көшесінің қиылысы – қорғау аймағымен бірге аумақ алаңы – 1 гектар;

2) Әл-қожа ата кесенесі (18-ғ.) – күзет аймағымен бірге аумақ алаңы - 3 гектар;

3) Гауһар ана кесенесі (12 – 19-ғғ.) "Яссы" шағын ауданы, Гауһар ана зиратында – қорғау аймағымен бірге ескерткіш аумағының алаңы – 8 гектар.

Дүниежүзілік мұра ескерткіші Қожа Ахмет Ясауи кесенесін сақтау

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қала орталығында, ортағасырлық Түркістан қалашығының аумағында орналасқан. Кесене 1389 – 1399 жылдары Темірдің бұйрығымен атақты сопы, философ, "Хикмет" діни жинағының авторы және 1166 жылы Ясы қаласының қорымында жерленген ақын Ахмет Ясауидің шағын кесенесінің үстінен тұрғызылған. Республикалық маңызы бар ескерткіш және 2003 жылдан бері халықаралық маңызы бар ескерткіш ретінде мемлекеттің қорғауында. Ескерткіш аумағы – 0,55 гектар, буферлік аймақ аумағы - 88,7 гектар.

Буферлік аймақта орналасқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде және археология мен сәулет ескерткіштерінде жүргізілетін барлық жұмыстар дүниежүзілік мәдени және табиғи мұра объектілерін қорғау туралы конвенцияны (1972 жыл) орындау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізілуі тиіс.

Қаланың тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау жөніндегі негізгі ережелер

Түркістан қаласының тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі барлық жұмыстар уәкілетті органымен келісілген ғылыми-реставрациялау жобалары бойынша жүргізілуі тиіс.

Түркістан қаласының аумағын игеру кезінде жер учаскелері бөліп берілгенге дейін "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288-VI Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 1-тармағына сәйкес тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау және сақтау жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын пайдалану режимі жөніндегі шараларды сақтау қажет.

7. Көлік және көше-жол желісі

Түркістан қаласының сыртқы көлік-экономикалық байланыстары теміржол және автомобиль көлігімен берілген.

Әуемен жүк және қала халқын жолаушылар тасымалы Шымкент қаласының әуежайы арқылы жүзеге асырылады.

Теміржол көлігі

Түркістан қаласына облыс орталығы мәртебесі беріліп, қала және қала маңы аймағы халқының өсуімен, бірқатар ірі кәсіпорындар қызметінің қайта жандандыруымен және жаңадан салынуымен жүк-жолаушылар тасымалына қызмет көрсетуді жақсартылып, Түркістан станциясының теміржол көлігін одан әрі дамыту қажеттігін туындатады.

Экономиканың дамуы жүк тасымалдарын 2035 жылдың соңына дейін шамамен 3 есе ұлғайтуға алып келеді, бұл жүк тиеу бойынша 800,0 мың тоннаға және түсіру бойынша 1 800,0 мың тоннаға жетеді.

Түркістан қаласының бас жоспарында қаланың перспективалық шекарасынан тыс, Шойтөбе станциясында тағы бір теміржол жүк станциясы кешенін салу көзделген.

Шойтөбе станциясы ауданында көлік-логистикалық орталық (КЛО), сондай-ақ жалғау, көрме және қабылдау-жөнелту жолдары құрылысымен өнеркәсіптік аймақты орналастыру көзделген.

Станциялық теміржол кешені қала кәсіпорындарымен және жаңа әуежаймен, айналма жолдың оңтүстік жарты айналмасымен және қалалық магистральдармен байланысады, олар теміржол көлігімен жүк тасымалының өсіп келе жатқан көлеміне қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Есептік мерзімге "Түркістан - Шымкент" теміржол магистралінің барлық учаскесін электрлендіру ұсынылады. "Түркістан - Шымкент" теміржол магистралін (Арыс II – Түркістан 108 км учаскесі) Түркістан қаласының көлік инфрақұрылымының шеңберіне электрлендіруді аяқтау кірмейді және Бас жоспарда Түркістан облысындағы Жібек жолының туристік бағытын жаңғырту стратегиясы түрінде атап көрсетілген.

Жолаушылар тасымалы

Қазіргі кезде қолданыстағы теміржол вокзалы жолаушыларды теміржол көлігімен тасымалдау талаптарына жауап бермейді. Теміржол вокзалының сәулет ескерткіші мәртебесі бар және реконструкциялауға болмайды.

Осы Бас жоспарда теміржол вокзалын жолаушылар платформасы бар жаңа орынға, Шымкент бағытында 3 шақырымға көшіру көзделген. Жаңа теміржол вокзалының өткізу қабілеті тәулігіне 5000 жолаушыны құрайды.

Жаңа вокзалдың құрылысы есептік мерзімге көзделген.

Әуе көлігі

Қазіргі уақытта Түркістан қаласында әуе көлігі жоқ. Қаланың оңтүстік-батысына қарай 2 км жерде орналасқан авиахимиялық жұмыстарға арналған қолданыстағы жіктелмеген әуежай жұмыс істемейді.

Түркістан қаласына облыс орталығы мәртебесінің берілуіне, іскерлік және мәдени байланыстардың ұлғаюына байланысты сағатына 250 жолаушыны өткізу мүмкіндігі бар халықаралық әуежай салу қажет (жылына 3,0 млн. жолаушы).

Бас жоспарда қаланың солтүстік-шығысына қарай 16 шақырым, Шаға ауылынан 3 км, құрылыс салынбаған аумақта әуежай орналастыру үшін алаң ұсынылған. Болашақта әуежай Батыс Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы байланыстырушы буын болмақ. Әуежай құрылысының басталуы – 2019 жылғы маусым, аяқталуы – 2020 жылғы желтоқсан.

Жолаушылар және экскурсиялық тасымалдарда тікұшақ көлігінің таралуына байланысты тікұшақ қонатын алаңдарды орнату межелеген. Құрылыстың есептік мерзіміне сағатына 30 жолаушы өткізуге қабілетті 10 машинаға арналған тікұшақ паркі белгіленген.

Сыртқы автокөлік жолдары

Түркістан қаласының сыртқы автожол желісі халықаралық, республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар жолдармен берілген:

- 1) I санатты "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық автожолы;
- 2) I санаттағы "Ресей Федерация шекарасы – Шымкент" халықаралық автожолы (Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы);
- 3) II санатты "Түркістан – Кентау" республикалық автожолы;
- 4) III санатты "Түркістан – Шәуілдір" республикалық автожолы;
- 5) III санатты "Түркістан – Балтакөл" облыстық автожолы;
- 6) III санатты "Түркістан – Қарнак" облыстық автожолы.

Қазіргі уақытта ұзындығы 16 шақырым "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық маңызы бар автожол учаскесі Түркістан қаласының аумағы арқылы өтеді. Есептік мерзімге бұл жол қалалық магистральға айналады.

Бұдан басқа, Түркістан қаласына облыстық маңызы бар 3 техникалық санаттағы автожолдар жақындайды. Жүк және транзиттік машина ағындарын қоныстану аумақтарынан тыс шығару үшін Бас жоспарда қаланың оңтүстік және солтүстік айналма жолдары қарастырылған. Бас жоспар ұсынған қаланы автожолмен айналып өту (Оңтүстік айналып өту) "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық дәлізі бойынша транзиттік автокөліктің үздіксіз және жоғары жылдамдықты қозғалысын қамтамасыз етеді.

Түркістан қаласында "Саяхат" автостанциясы және тәулігіне 1000 жолаушыға арналған автовокзал бар. Түркістан қаласының аумақтық дамуына, халықтың санының өсуіне және қаланың мәдени-рухани және туристік орталық ретінде маңыздылығының артуына байланысты экскурсанттар мен туристерді халықаралық, қалааралық және қала маңындағы автобус бағыттарымен тасымалдау көлемінің ұлғаюы болжанып отыр.

Сыртқы жолаушылар автотасымалдарын ұйымдастыру мақсатында өңірлік, қазақстандық және халықаралық маңызы бар бағыттарды жүзеге асыратын 5000 жолаушыға арналған қазіргі заманғы халықаралық автовокзал құрылысы басталды. Қолданыстағы автовокзал мен автостанция қала маңындағы бағыттарға қызмет көрсету үшін сақталады.

Қалалық жолаушылар көлігі

Қалада қоғамдық жолаушылар көлігінің бір түрі – автобустар мен шағын автобустар пайдаланылуда. Қосалқы көлік – такси. Негізгі тұрғын аудандарды орталықпен және өнеркәсіптік аймақтармен байланыстыратын 20 қалалық бағыт

ұйымдастырылды. Автобус бағыттарының жалпы қолданыстағы ұзындығы 532,8 шақырымды құрайды.

Перспективада көліктің негізгі түрі автобус болып қалады. Келешектегі даму аудандарын қаланың қазіргі бөлігімен және өнеркәсіптік аймағымен байланыстыратын қала ішіндегі жолаушылар көлігінің жаңа бағыттары ұсынылады. Түркістан қаласының тұрғындарына көліктік қызмет көрсетуді жақсарту үшін жолаушылар көлігінің жұмысын нақты ұйымдастыру, жылжымалы құрамды пайдалану құрылымында түбегейлі өзгерістер, шағын автобустар мен шағын сыйымдылықты автобустарды орташа және үлкен сыйымдылықтағы жайлы және бәсекеге қабілетті автобустарға ауыстыру ұсынылады.

Көше-жол желісі

Түркістан қаласының қазіргі заманғы көше-жол желісі кварталдар жиі кесілген тікбұрышты көше жүйесімен ұсынылған. Ескі қала ауданында тарихи қалыптасқан көшелердің радиалды-айналма жүйесі сақталған. Бастапқы жылы қалада 875 көше бар, олардың ұзындығы 764,0 шақырымды құрайды, оның ішінде 193,9 шақырымында асфальт-бетон жабыны бар. Түркістан қаласының барлық көшелері 4-5 санатқа жатады.

Түркістан қаласының ыңғайлы көлік байланыстарын және жолаушылар қозғалысын қамтамасыз ететін басты көлік магистральдары қолданыстағы жалпықалалық маңызы бар магистральдар болып табылады.

Аудандық маңызы бар магистральды көшелер: Қожанов, Төле би, Жарылғапов, Әл-Фараби, Амангелді, Майлин, Ондасынов, Шанин, Төрешұлов, Тынышқұлов, Тәуелсіздіктің 10 жылдығы тұрғын үй алаптары, қала орталығы, еңбек етудің негізгі орындары және сыртқы автожолдарға шығатын жолдар арасындағы қалалық аудандар ішіндегі көлік байланыстарын қамтамасыз етеді.

Бас жоспарда бір қабатты тозған тұрғын үйлерді ішінара бұзып, магистральды көшелерді барынша кеңейту көзделеді. Бос аумақтарды игеру жаңа көшелер мен жолдарды салуға және көлік ағындарын қайта бөлуге ықпал етеді.

Жаңа жоспарлау құрылымының негізгі принципі айналмасында алғашқы көлік айналмасы қалыптасатын тарихи орталықты бөлу болып табылады. Қаланың кейінгі құрылымы көше-жол желісінің тікбұрышты-радиалды жүйесін көздейді. Болашақта Бас жоспарда ұсынылатын көше-жол желісінің тікбұрышты құрылымы Түркістан қаласының тарихи бөлігіндегі жолдардың радиалды жүйесімен өзара байланысты.

Қолданыстағы, ашылып жатқан және жаңа төмендегі магистральды көшелер ұсынылады: Б.Саттарханов даңғылы, Тәуке хан даңғылы, Северное полукольцо

көшесі, Руханият, Ерубает, Жандосов, Жібек жолы, Қазыбек би және т.б. Қазіргі Солтүстік айналма жол жалпықалалық маңызы бар магистральды көше ретінде қаланың жалпы қалалық көлік жүйесіне қосылады.

Әуежай мен теміржол вокзалын қосатын қиғаш магистраль негізгі қала - құрылысы тораптарымен оңтайлы көліктік байланысты қамтамасыз етеді. "Түркістан - Шымкент" тас жолы мен қиғаш магистралінің қиылысында жаңа халықаралық автовокзал салынады.

"Батыс Еуропа – Батыс Қытай" транзиттік халықаралық көлік дәлізін халықаралық маңызы бар айналма транзиттік магистраль - Оңтүстік айналма жолын құрап отырып, периферияға ауыстыру көзделіп отыр, бұл транзиттік автокөліктің үздіксіз және жоғары жылдамдықты қозғалысын қамтамасыз етеді.

Көшелер мен жолдардың жіктелуі және қызыл желілердегі параметрлер нормативтерге сәйкес қабылданған. Есептік мерзімге көше-жол желісінің жалпы ұзындығы 1069,4 шақырымды, оның ішінде жалпы қалалық және аудандық маңызы бар – 273,2 шақырымды, жергілікті көшелер 766,7 шақырымды, айналма жол 29,5 шақырымды құрайды.

8. Инженерлік инфрақұрылым

1. Сумен жабдықтау және су тарту

Сумен жабдықтау. Жобалық ұсыныстар

Түркістан қаласындағы бір тұрғынға (бір жыл ішінде) үлестік орташа тәуліктік су тұтыну ҚР ҚНЖЕ 4.01-02-2009 "Сумен жабдықтау. Сыртқы желілер мен құрылыстар" 5.4-кестеге сәйкес қабылданды және 438,11 л/тәулігіне құрайды. Үлестік су тұтыну тұрғын және қоғамдық ғимараттардағы ауыз су мұқтаждарына, өндіріс мұқтаждарына, қазандықтар мен жаңа жылу көздеріне арналған су көздерін қамтиды.

Түркістан қаласы үшін су тұтынудың болжамды көрсеткіштері:

- 1) құрылыстың 1-ші кезеңінде (2025 ж.) – 44,46 мың м³/тәулігіне;
- 2) есептік мерзімге (2035 ж.) – 153,34 мың м³/тәулігіне;
- 3) болжамды мерзімге (2050 ж.) – 219,05 мың м³/тәулігіне.

Әуежайды сумен жабдықтау – оқшауланған болып қабылдаған. Кентау қаласы әкімдігінің "Ащысай Су" МКК 2019 жылғы 27 ақпандағы техникалық шарттарына сәйкес Шаға кентінің су құбыры желілерінен су беру қарастырылған.

2025 жылғы құрылыстың 1-ші кезеңінде:

1) Мырғалымсай жер асты сулары кен орнының (ЖСКО) жер асты суларының қорларын қайта бағалауды жүргізу;

2) жалпы ұзындығы 102,335 шақырым, диаметрі 300 - 1000 мм полиэтилен құбырлардан жасалған су құбыры желілерінің құрылысы;

3) жұмыс құжаттамасы әзірленген сумен жабдықтау объектілерінің салынып жатқандарын аяқтау және жаңаларын салу.

2035 жылғы есептік мерзімге:

- 1) Иқансу-Қытай жер асты сулары кен орнының (ЖСКО) қорларын тарту;
- 2) жалпы ұзындығы 60,789 шақырым диаметрі 300 - 700 мм полиэтилен құбырларынан су құбыры желілерінің құрылысы.

2050 жылғы болжамды мерзімге:

- 1) Біресек-Қантағы, Қарашық, Иқансу-Қытай жер асты сулары кен орындарының жер асты суларының қорларын қайта бағалауды жүргізу;
- 2) жалпы ұзындығы 35,379 шақырым диаметрі 300-400 мм полиэтилен құбырларынан су құбыры желілерінің құрылысы;
- 3) Түркістан қаласына дейін Иқансу-Қытай жер асты сулары кен орнында су тарту құрылыстарынан су тартқыштың екінші желісін салу.

Су тарту. Жобалық ұсыныстар

Түркістан қаласы бойынша сарқынды сулардың пайда болуының жиынтық есептік көлемі:

- 1) бірінші кезеңдегі құрылысқа (2025 ж.) – 30,25 мың м³/тәулігіне;
- 2) есептік мерзімге (2035 ж.) – 173,77 мың м³/тәулігіне.

Өнеркәсіптік кәсіпорындарда, сондай-ақ сарқынды сулардың ластануы елді мекеннің кәріз жүйесіне сарқынды суларды қабылдау үшін шекті рұқсат етілген концентрация нормаларынан асатын мамандандырылған мекемелерде жергілікті тазарту құрылыстары көзделетін болады.

Су тарту жүйесі

Бас жоспарда су тартудың мынадай схемасын жобалау ұсынылады: сарқынды сулар, өздігінен ағатын және тегеурінді коллекторлар жүйесі, басты кәріздік сорғы станциясы тартылады (бұдан әрі – БССС) және одан әрі жобаланатын кәріздік су тазарту станциясына (бұдан әрі – СТУ) жіберіледі. Сарқынды сулардың қабылдағышы ретінде жинақтағыш тоғандар қабылданды.

Бас жоспарда қаланың жасыл белдеуін суаруға тазартылған сарқынды суды пайдалану қарастырылған, бұл таза суды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Әуежайдың кәріз жүйесі - оқшауланған. Әуежай аумағында сүзу алаңдарына шығатын СТУ көзделген.

Желілер мен құрылыстар

2025жылғы құрылыстың 1-ші кезеңіне:

- 1) ұзындығы 89,45 шақырым кәріз желілерінің құрылысы;
- 2) жұмыс құжаттамасы әзірленген салынып жатқан су тарту объектілерінің құрылысын аяқтау және жаңаларын салу;

3) пайдаланушы ұйымға СТУ құрамына кіретін әрбір құрылысты пайдалануға арналған регламентті бере отырып, қолданыстағы СТУ іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргізу;

4) бірінші кезектегі құрылыс СТУ-1 және СТУ-2 - 30,25 мың м³ жалпы өнімділігімен 25 мың м³/тәулігіне СТУ-2;

5) сыйымдылығы 11 млн. м³ дейін жинақтағыш тоған салу;

6) "Түркістан қаласының тазартылған сарқынды суларының су қабылдағышы" техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу.

2035 жылғы есептік мерзімге:

1) ұзындығы 46,071 км кәріз желілерінің құрылысы;

2) тазарту құрылыстарының жалпы қуатын 121,64 мың м³/тәулігіне дейін жеткізе отырып, СТУ-2 101,64 мың м³/тәулігіне дейін кеңейту;

3) ауданы 114 гектар қолданыстағы жинақтағыш тоғанды қалпына келтіру;

4) БССС 121,64 мың м³/тәулігіне жобалау және салу;

5) БССС-дан СТУ-қа дейінгі тегеурінді құбыржолдарды қолданыстағы қысымды құбыржолдармен бірге жұмыс істейтінін ескере отырып жобалау және салу;

6) СТУ суағармен суару орнына дейін және су құю-жуу машиналарының цистерналарын толтыру үшін су ағызатын пункттер құрылғысымен өнімділігі 121,64 мың м³/тәул. дейін тазаланған және зарарсыздандырылған сарқынды сулардың сорғы станциясын жобалау және салу;

7) сыйымдылығы 22,2 млн м³ дейін қолданыстағы жинақтағыш тоғанды одан әрі ұлғайту немесе сыйымдылығы 11,16 (22,2 - 11,04) млн м³ жаңа жинақтағыш тоған салу. Қолданыстағы жинақтағыш тоғанды одан әрі ұлғайту немесе жаңасын салу 2025 жылға дейін әзірленетін "Түркістан қаласының тазартылған сарқынды суларының су қабылдағышы" техникалық экономикалық негіздемеде (бұдан әрі – ТЭН) қаралатын болады.

2050 жылғы болжамды мерзімге:

1) ұзындығы 9,918 шақырым кәріз желілерінің құрылысы;

2) тазарту құрылыстарының жалпы қуатын 173,77 мың м³/тәулігіне дейін жеткізе отырып, СТУ-2 153,77 мың м³/тәулігіне дейін кеңейту;

3) тегеурінді құбыржолдары бар БССС 173,77 мың м³/тәулігіне дейін кеңейту

;

4) суағары бар тазартылған сарқынды сулардың сорғы станциясын суару орындарына дейін кеңейту;

5) сыйымдылығы 31,71 млн м³ дейін қолданыстағы жинақтағыш тоғанды одан әрі ұлғайту немесе сыйымдылығы 9,51 (31,71 - 22,2) млн м³ жаңа

жинақтағыш тоған салу. Қолданыстағы жинақтағыш тоғанды одан әрі ұлғайту немесе жаңасын салу 2025 жылға дейін әзірленетін "Түркістан қаласының тазартылған сарқынды суларының су қабылдағышы" ТЭН-де қаралатын болады.

Суармалы сумен жабдықтау жүйесі

АТА суармалы су көзі болып табылады. Арна қаланың солтүстік-шығыс шекарасының бойымен өтеді. Арна мамыр айынан қазан айына дейін жұмыс істейді, Түркістан қаласы ауданындағы су шығыны вегетациялық кезеңде 25 м³/сек. дейін құрайды. Арнаның бас жармасындағы шығыс - 45 м³ /сек. Арна тереңдігі - 3-4 м, ені - 20-25 м.

Қаладағы жасыл желектерді суару үшін АТА су алу қарастырылған.

1989 жылы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "ҚазСШҒЗИ" РМК әзірлеген "Қазақстанның суармалы жерлерінде ауыл шаруашылығы дақылдарының суару нормаларын анықтау жөніндегі ұсынымдарға" сәйкес вегетациялық кезеңде суару нормасы:

жасыл көшеттер үшін – 1 гектар үшін 6 000 м³;

үй маңындағы учаскелер үшін – 1 гектар үшін 7 880 м³ құрайды.

Вегетациялық кезеңнің ұзақтығы 180 күн, тәулігіне суару сағаттарының саны - 10 сағат. Түркістан қаласына арналған суару шығындары 3-кестеде көрсетілген.

Түркістан қаласында жасыл аймақтар құру көзделуде. Жасыл аймақтарды суаруға тәулігіне 210,67 мың м³ тазартылған ағынды суларды пайдалану көзделген.

3-кесте

| № | Көрсеткіштердің атауы | Өлшем бірлігі | 1-кезең 2025 жыл | Есептік мерзім 2035ж. | Болжамды мерзім 2050 жыл |
|---|--------------------------------|--------------------|------------------|-----------------------|--------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Ж а с ы л көшеттерді суару | мың м ³ | 4758,0 | 6000,0 | 12000,0 |
| 2 | Үй маңындағы учаскелерді суару | мың м ³ | 25097,8 | 36248,0 | 49644,0 |
| 3 | Асфальт беттерін суару | мың м ³ | 1788,48 | 1965,06 | 2499,60 |

2025 жылғы бірінші кезеңдегі құрылыс:

суармалы сумен жабдықтау және ирригациялық арналар объектілерін салу және қайта жаңарту бойынша әзірленетін жұмыс жобаларын іске асыру.

2035 ж. есептік мерзімге:

суағармен суару орнына дейін және су құю-жуу машиналарының цистерналарын толтыру үшін су ағызатын пункттер құрылғысымен өнімділігі 121,64 мың м³/тәулігіне дейін тазаланған және зарарсыздандырылған сарқынды сулардың сорғы станциясын жобалау және салу.

2050 ж. болжамды мерзімге:

суағары бар тәулігіне 173,77 мың м3/тәулігіне дейін өндірілген тазартылмаған сарқынды сулардың сорғы станциясын суару орындарына дейін және цистерналарды суару шиналарына құю үшін суағар пункттерін орнату арқылы кеңейту.

2. Электр қуатымен жабдықтау

Қазіргі уақытта Түркістан қаласының электр тұтынуы мен электр жүктемелері тиісінше 78 млн кВт.сағат және 29 МВт құрайды.

Түркістан қ. 01.01.2019 ж. электр тұтыну және электр жүктемесінің ең жоғарғы көрсеткіштері (коммуналдық-тұрмыстық, өнеркәсіптік және т.б.) (қазіргі жағдайы), бірінші кезеңде – 2025 жыл, есептік мерзімі – 2035 жыл, 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

| Атауы | Бастапқы жыл (2019 ж) | Бірінші кезең (2025 ж.) | Есептік мерзім (2035 ж.) | Болжамды мерзім (2050 ж.) |
|--|-----------------------|-------------------------|--------------------------|---------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Электр тұтыну, млн кВт.сағ | 83 | 308 | 434 | 640 |
| оның ішінде коммуналдық-тұрмыстық | 76 | 179 | 280 | 464 |
| Жиынтық есептік жүктеме, МВт | 110 | 368 | 502 | 547 |
| оның ішінде коммуналдық-тұрмыстық, МВт | 101 | 238 | 366 | 412 |
| Ко, Кс-да | 58 | 195 | 266 | 364 |
| Электр жүктемесінің ең жоғары км, МВт | 29 | 102 | 140 | 240 |

Есептік мерзімге және перспективаға электрмен жабдықтау жүйесін дамыту

Құрылыстың бірінші кезеңінде (2025 жыл) Түркістан қаласының тұтынушыларын электрмен жабдықтау жүйесін дамыту:

1) "Ескі Иқан" кентінің маңындағы оңтүстік-шығыс бөлігінде 220/110/10 кВ Орталық қосалқы станция (бұдан әрі – ҚС) құрылысы (220 кВ ашық тарату құрылғылары (бұдан әрі – АТҚ)-мен 220-12 схемасы бойынша ЛТДН-мен);

2) ҚС 110/10 кВ терең енгізу Яссы (жабық түрде), университет ҚС 110 кВ жақын тарихи орталық үшін (ашық);

3) 110/35/10 кВ Солтүстік ҚС құрылысы (блоктық схема бойынша) өнеркәсіптік тұтынушыларды электрмен жабдықтау үшін коммуналдық ҚС-дан (Ко, Кс 65 МВт-тан шамамен жүктемемен);

4) әуежай үшін 10 кВ тарату қосалқы станциясы құрылысы радиалды ВЛ 10 кВ;

2035 жылғы есептік мерзімге 110/10 кВ "Жаңа", "Жаңа-2", "Жаңа-3", "Жаңа-4", "Жаңа-5" радиалды қосалқы станцияларын салу.

Болжамды 2050 жылы қаланың айналасында 220 кВ Орталық-Жаңа-Кентау шеңберін салу арқылы жаңа ҚС 220 кВ кернеуге ауыстыру үшін 220 кВ АТҚ салу көзделген.

Қоныстану құрылыс аймақтарында кабельдік ЭЖЖ-мен жабық орындаудағы 110 кВ ҚС салу, сондай-ақ 110 кВ әуе желілерін ҚС-ға қосылуын қайта қарау арқылы, біртіндеп ауыстыру және кабель желілерін жою, 35 кВ ҚС-ны 10 кВ кернеуі бар ТП-ға ауыстыра отырып, 35 кВ желілерін жою, 6 кВ кернеулі желілерді 10 кВ-ға ауыстыруды аяқтау көзделген.

Жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) баламалы көзі ретінде Түркістан қаласының оңтүстігіне қарай күн электр станцияларын (бұдан әрі – КЭС) салуды қарастырған дұрыс. Түркістан қаласының маңындағы қаралып отырған оңтүстік аймақта қуаты 300 МВт дейінгі КЭС орналастыруға болады.

Энергия үнемдейтін іс-шаралар ретінде:

көшелерді жарықтандыру үшін күн, ЖТҚ-да коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін (суды жылыту және т. б.) және т.б. панельдерін пайдалану ұсынылады.

Есептік мерзімге электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйелерін кезең-кезеңмен жаңғырту және Smart Metering технологиясын-санауыштардың көрсеткіштерін алыстан алып тастауға, тұтынушылардың жүктемесін басқаруға, көптарифтік функцияларды пайдалануға және энергия тұтынуды талдау мен жоспарлауға мүмкіндік беретін электр энергиясын интеллектуалды есепке алу жүйесін енгізу қажет.

3. Жылумен жабдықтау. Жобалық ұсыныстар

Орталықтандырылған жылу (бұдан әрі – ОЖ) жүйесін дамыту

2025 жылғы есептік мерзімге Түркістан қаласының жылу жүктемесі 755 Гкал/сағ құрайды. 7-қабатқа дейінгі қабатты тұрғын үйлерді жылумен жабдықтау үшін жеке газ жылу көздері базасында жылумен жабдықтау жүйесі қарастырылған. ОЖ аймағында жылу жүктемелерінің өсуін қамтамасыз ету үшін:

1) № 1 қазандықтың негізгі жабдығын бір мезгілде табиғи газбен жұмыс істеуге ауыстыра отырып қайта жаңарту;

2) Отырар шағын ауданын жылу қуаты 7 Гкал/сағ, жылу қуаты 20 Гкал/сағ дейін табиғи газға ауыстыра отырып, қолданыстағы № 2 қазандықты кеңейту;

3) жобалық жылу қуаты 8 Гкал/сағ № 3 су жылыту қазандығының құрылысын аяқтау;

4) жобалық жылу қуаты 12 Гкал/сағ № 4 су жылытатын қазандық салу;

- 5) жобалық жылу қуаты 10 Гкал/сағ № 5 су жылыту қазандығын салу;
- 6) жылу қуаты 55 Гкал/сағ № 1 газтурбиналық қондырғы (бұдан әрі – ГТК) – жылу энергиятикалық орталығын (бұдан әрі – ЖЭО) салу;
- 7) жылу қуаты 43 Гкал/сағ № 2 ГТУ-ЖЭО салу.

Жобалық 2035 жылы жылу жүктемесі 1020 Гкал/сағ құрайды. Жылудың өсуін қамтамасыз ету үшін:

- 1) № 1 ГТК-ЖЭО жылу қуатына дейін 60 Гкал/сағ кеңейту;
- 2) № 2 ГТК-ЖЭО жылу қуатына дейін 50 Гкал/сағ кеңейту керек;

Жобалық 2050 жылы жылу жүктемесі 1360 Гкал/сағ құрайды. Жылудың өсуін қамтамасыз ету үшін:

- 1) № 1 ГТК-ЖЭО жылу қуатына дейін 80 Гкал/сағ кеңейту;
- 2) № 2 ГТК-ЖЭО жылу қуатына дейін 65 Гкал/сағ кеңейту керек.

Орталықтандырылмаған жылумен жабдықтау (бұдан әрі – ОЖЖ) жүйесін дамыту

1) жұмыс істеп тұрған шағын қазандықтар мен жылыту пештерінің жұмысын табиғи газға ауыстыру;

2) жаңа құрылыс салынатын аудандарды жылумен жабдықтауды газбен жұмыс істейтін қазіргі заманғы қазандықтар мен автономды жылумен жабдықтау жүйелерімен (АЖЖ) қарастыру;

3) қоса салынған коммерциялық және өзге де үй-жайларды қоса алғанда, 7 қабатқа дейінгі қабатты тұрғын үйлерді жылумен жабдықтау үшін жеке газ жылу көздері базасында жылумен жабдықтау жүйесін қарастыру.

Жылу желілері

Бас жоспарға сәйкес жаңа жылу желілерін салуды зауытта жасалған алдын ала оқшауланған құбырларды қолдана отырып, жер асты төсеу тәсілімен жүргізілсін. Бас жоспардың жобасына сәйкес жылу желілерін дамыту үшін:

1) техникалық-экономикалық негіздеме (бұдан әрі – ТЭН), жоба, жұмыс құжаттамасын әзірлеу және 2025 жылға қарай ұзақтығы шамамен 15 шақырым жылу көздерінен жылу желілерін салу;

2) ТЭН, жоба, жұмыс құжаттамасын әзірлеу және 2035 жылға қарай ұзындығы шамамен 6 шақырым жылу көздерінен жылу желілерін салу;

3) ТЭН, жоба, жұмыс құжаттамасын әзірлеу және 2050 жылға қарай ұзақтығы 1 шақырым жылу көздерінен жылу желілерін салу керек.

4. Газбен жабдықтау. Жобалық шешімдер

Есептік мерзімге Түркістан қаласының тұтынушыларына екі газбен жабдықтау көздерінен табиғи газды беруді қамтамасыз ету болжанып отыр. Автоматтандырылған газ тарату станциясы (бұдан әрі – АГТС) – "Түркістан" және АГТС – "Ескі Иқан" газ тарату станциялары арқылы табиғи газ Бейнеу-Шымкент магистральды газ құбырларынан түседі.

АГТС – "Түркістан" қолданыстағы газбен жабдықтау көзінің өткізу мүмкіндігі АГТС қуатын кеңейтусіз табиғи газдың жоспарланған шығыстарын жабуға мүмкіндік бермейді.

Түркістан қаласының газбен жабдықтау көздерінің техникалық сипаттамалары

5-кесте

| Газбен жабдықтау көзінің атауы | Өнімділік, мың м ³ /сағ | ГТС шығарудағы қысым |
|--|------------------------------------|--------------------------|
| 2 | 3 | 4 |
| АГТС -"Түркістан" | 100 | PN 0,6 МПа |
| АГТС -"Ескі Иқан" | 30 | PN 0,6 МПа |
| Құрылыс кезеңдері бойынша сағаттық тұтыну, мың м ³ /сағ | 130/162/205 | |
| Болжамды сағаттық шығындарды жабу, мың м ³ /сағ: | қолд./+32/+75 | PN 0,6 МПа PN 1,2 МПа |

2050 жылға қарай номиналды + 75,0 мың м³/сағ қосымша өнімділігі бар екі АГРС кеңейту қажет, оның ішінде АГРС - "Ескі Иқан" 30,0 мың м³/сағ және АГРС - "Түркістан" 50,0 мың м³/сағ.

Түркістан қаласын газбен жабдықтаудың сенімділігін арттыруға қаланың карама-қарсы жағына орналастыра отырып, қаланы газбен жабдықтауды екі көздерден-магистральдық ГРС қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі.

ГТҚ-ЖЭО газына және жобалық қазандыққа қажеттілікті жабу АГТС - "Ескі Иқан" ұзындығы 17 шақырым жуық ГТҚ-ЖЭО-ға дейін DN 325 мм жеке газ құбырын салуды игерудің жаңа алаңдарында қысқы шекті тұтыну кезеңінде газды қосымша беру үшін жағдай жасау арқылы қамтамасыз етіледі.

5. Телекоммуникация мен байланыс

Түркістан қаласының телекоммуникация желісін дамытудың басты мақсаттары телефон желісінің сыйымдылығын арттырумен қатар, желі жұмысының сапасын бір мезгілде арттыру, ұсынылатын байланыс қызметтерінің спектрін кеңейту болып табылады.

Қалалық автоматтандырылған телефон станциясы (бұдан әрі – АТС) барлық станциялық сыйымдылығы іс жүзінде темір жол тұсында орналасқан аумақта шоғырланған. Қаланың болашақта дамуы солтүстік, батыс және оңтүстік-шығыс бағыттарындағы темір жол төсемінен кейін белгіленеді.

Бас жоспарда 2025 жылға дейінгі бірінші кезеңінде:

- 1) қолданыстағы қалалық АТС-3 және АТС-4 5000 нөмірге дейін, сондай-ақ ХҚТУ университетінің ғимаратында АТС 1000 нөмірге дейін кеңейту;
- 2) бастапқы сыйымдылығы 5000 нөмірден болатын жаңа әкімшілік-іскерлік орталық үшін АТС-6 салу қарастырылған.

2035 жылға дейінгі есептік мерзім кезеңіне бас жоспардың жобасында:

- 1) қолданыстағы қалалық АТС-1 және АТС-2 4000 нөмірге дейін кеңейту;

2) бастапқы сыйымдылығы 3000 нөмір болатын АТС-7, АТС-8, АТС-11, АТС-12 және АТС-13 салу қарастырылған;

2050 жылға дейінгі болжамды мерзімге ұсынылатын телекоммуникациялық қызметтердің сапасы мен санына өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін:

1) батыс ауданында-қолданыстағы АТС-11-ді 5000 нөмірге дейін кеңейту;

2) бастапқы сыйымдылығы 3000 нөмірден асатын АТС-9 салу;

3) қолданыстағы АТС-7 және АТС-8 5000 нөмір сыйымдылығына дейін кеңейту ұсынылады.

Бас жоспарда жобалаудың барлық кезеңдерінде желілік құрылыстарды қайта жаңартуды жүргізу қажеттілігі атап өтілген, ол SDH немесе АТМ стандартты жабдығы бар станцияаралық желіде оптикалық-талшықты байланыс желілерін қолдана отырып, қолданыстағы әуе байланыс желілерін телефон кабельдік кәрізіне кезең-кезеңімен ауыстыруды қамтиды.

9. Аумақты инженерлік дайындау

Түркістан қаласының бас жоспары аумақты қауіпті физикалық-геологиялық процестер мен құбылыстардан, аумақтың қала құрылысының әртүрлі түріне жарамдылығын қорғау, сондай-ақ халықтың санитарлық-гигиеналық және экологиялық жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар кешенін шешуді көздейді.

Табиғи жағдайларды зерттеу және аумақты қауіпті физикалық-геологиялық процестерден қорғау бойынша инженерлік желілер мен жүйелердің қазіргі жай-күйін талдау нәтижесінде Түркістан қаласы аумағын инженерлік дайындау келесі іс-шараларды қамтиды:

1) аумақты тік жоспарлау;

2) елді мекен аумағын суару;

3) нөсер кәрізі;

4) жер асты суларымен су басудан аумақты қорғау;

5) аумақты су басудан қорғау;

6) жағажай жасау схемасы.

1. Аумақты тік жоспарлау

Қазіргі жер бедерінде солтүстіктен оңтүстікке қарай әлсіз еңіс бар.

Бас жоспарда жердің бар белгісіне қатысты көшелердің жүру бөлігін 20 см көтеру қарастырылған. Жүріс бөлігінен, сондай-ақ орамшілік аумақтан жер үсті суларын шығару жүріс бөлігінің бойымен орнатылатын су тарту арналарына (арықтарға) жүзеге асырылады. Бұл ретте ғимараттың нөл/бұрыштық белгілері қиылыстың берілген жобалық белгісінен 0,1-0,4 метр шегінде қабылданады.

Жобаланатын аумақ бетінің едәуір бөлігі 0-0.0001-ден 23-0.023 %-ге дейін еңістігі бар.

Мұндай көшелерден ең аз еңіс кезінде жер үсті ағындарын шығару ара тәрізді профиль және жолдың көлденең еңісі есебінен жүзеге асырылады.

2. Елді мекен аумағын суару

Түркістан қаласының аумағында жылына 250 мм-ден кем жауын-шашынның түсуіне байланысты тұрғын және қоғамдық аумақтарды жасанды суаруды ұйымдастыру қажет.

Елді мекендердің аумағын суландыру үшін арықтар деп аталатын суарғыштардың арналық жүйесін қолданады, олардың бойында бірқатар ағаштар отырғызылады. Елді мекендердің орталық бөліктерінде, алаңдарда және көшелердің қиылыстарында суағарлардың жабық желісі төселеді.

Жазғы кезеңде (шілде-тамыз) суландыру үшін судың тапшылығына байланысты Сырдария өзенінің суын Түркістан магистральды арнасына (бұдан әрі – ТМА) жіберу туралы шешім қабылданды.

Арналар жылдың ыстық мезгілінде микроклимат пен салқындатқыш жасау функциясын орындайтын болады, сондай-ақ саябақ аймақтарында жасыл отырғызуларды суару үшін су көзі болады. Түркістан қаласы сыртындағы арналар жалпы қалпына келтіру жүйесіне қосылады. Бұдан әрі қалдық су азық-түлік белдеуі мен ауыл шаруашылығы алқаптарын суару үшін пайдаланылатын болады.

Ирригацияда су үнемдейтін технологияларды енгізу қаралып отырған ауданда суармалы суды үнемдеуді жүзеге асыруға, суару процесін механикаландыруға мүмкіндік беретін жаңбырлатқыш және өзге де суару техникасын пайдалана отырып, суару жүйелерін қайта жаңарту арқылы мүмкін болады.

3. Нөсер кәрізі

Бір жылда Түркістан қаласы бойынша түсетін атмосфералық жауын-шашынның орташа саны 200 мм-ге тең. Жауын-шашынның аз мөлшері Түркістан қаласының аумағында жер үсті ағындарын жою үшін арнайы қымбат жүйе құруды талап етпейді. Қазақстан Республикасы құрылыстық нормалары Су бұру. Сыртқы желілер мен құрылыстар 4.01-03-2011 т.5.1.32 СН РК сәйкес, әр түрлі лотоктарды, жыраларды, кюветтерді пайдалана отырып, ашық жүйе бойынша бөлу аз қабатты жеке құрылысы бар қоныстану аумақтары, сондай-ақ саябақ аумақтары үшін жол беріледі. Сондықтан қарастырылып отырған аумақтан жер үсті ағынын бұруды ашық (үстіңгі) тәсілмен: өтпе жолдар, арықтар, кюветтер бойынша жүзеге асыру көзделген.

Беттік әдіс кварталдардың аумағынан жоспарланған бет бойынша атмосфералық суларға көше бойында төселетін ашық су тарту желісіне түсуге мүмкіндік береді.

Жер үсті сулары төменгі арық желісімен қабылданатын және қала сыртына төгілетін немесе қала аумағынан шығарылатын дренаж желісіне түсетін болады.

4. Аумақты жер асты суының басып қалуынан қорғау

Жер асты сулары 0,4-12,2 метр тереңдікте ашылды, белгіленген деңгейдің абсолюттік белгісі 199,02-263,07 метр. 10,0-15,0 метр тереңдікке дейінгі жекелеген учаскелерде жер асты сулары ашылмаған.

Жер асты суларының қоректенуі, негізінен, атмосфералық жауын-шашынның инфильтрациясы және суару арналары мен арықтардан судың ағуы есебінен жүргізіледі.

Соңғы 30 жылда топырақ суларының деңгейін бақылаудың қолданыстағы режимдік желісінің болмауы олардың өзгеру динамикасын бір мәнді болжауға мүмкіндік бермейді.

